

Ақтау қаласы аймақтарының шекаралары және жер участелері үшін төлемақының базалық ставкасына түзету коэффициенттері туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2009 жылғы 10 сәуірдегі N 13/162 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 14 мамырда N 2047 тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 11-бабы және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ақтау қаласы аймақтарының шекаралары мен жер участелері үшін төлемақының базалық ставкасына түзету коэффициенттері NN 1,2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. «Ақтау қаласы аймақтарының шекаралары және жер участелері үшін төлемақының базалық ставкасына түзету коэффициенттері туралы» облыстық мәслихаттың 2007 жылғы 30 қантардағы N 20/355 шешімінің (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 1966 болып тіркелген, «Маңғыстау» газетінің 2007 жылғы 15 наурыздағы N 43-44 санында жарияланған) күші жойылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі.

Сессия тәрағасы
Р. Борашов

Облыстық мәслихат хатшысы

Б. Шелпеков

«КЕЛІСІЛДІ»
Облыстық жер қатынастары
басқармасы бастығының
міндеттін атқаруышы
К. Оразбаев

«___» ____ 2009 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»
Маңғыстау облысы бойынша
Салық департаментінің бастығы
А. Тенгебаев

«___» ____ 2009 ж.

Облыстық мәслихаттың 2009 жылғы
10 сәуірдегі N 13/162 шешіміне
1-қосымша

Ескерту. 1 қосымша қағаз нұсқада берілген.

Облыстық мәслихаттың 2009 жылғы
 10 сәуірдегі N 13/162 шешіміне
 2-косымша

**Жер участеклері үшін төлемақының базалық ставкасына түзету коэффициенттері және
 Ақтау қаласының жер аймақтарының сипаттамасы**

Аймақтар N	Аймақта кіретін шағынаудандар және басқа да әкімшілік құрылымдар	Бағалық аймак б о й ы н ш а коэффициенттер
I	Теңіз жағалауы, NN 1, 4, 5, 7, 9, 14, 15 шағынаудандар; «Самал» тұрғын үй массиві, N 1 аурұхана қалашығы	2,0
II	NN 2, 3, 3a, 3б, 6, 8, 10, 11, 12, 13, 16, 17, 18, 18a, 18б, 19, 20, 20a, 21, 22, 23, 24, 25 , 26, 27, 28, 28a, 29, 29a, 30, 31, 31a, 31б, 32, 32a, 32б, 33, 33a, 34, 35, 36, «Шығыс-1», «Шығыс-2», «Шығыс-3» шағынаудандар және «Ақтау» халықаралық әуежай жолының оң жағында орналасқан жер участеклері	1,8
III	«Ақтау-Сити» (теңіз жағалауына жақын орналасқан участке)	1,6
IV	«Ақтау-Сити» (әуежай жолының сол жағында орналасқан участке)	1,4
V	Өнеркәсіп (селитебтік аймақта жақын орналасқан участке)	1,2
VI	Өнеркәсіп	1,0

Аймақтардың сипаттамасы

A Ы м а қ I

Бірінші аймақ теңіз жағалауындағы аймақтың, селитебтік аймақ бөгін біріктіреді:
 NN 1, 4, 5, 7, 9, 14, 15 шағаудандар; «Самал» тұрғын үй массиві, N 1 аурұхана
 қ а л а ш ы ғ ы .

Бұл аймақта басты әкімшілік мекемелер, халықта әлеуметтік және
 мәдени-тұрмыстық қызмет көрсететін нышандар, мейрамханалар, кафелер, барлар,
 супермаркеттер, дүкендер, банкілер, қонақ үйлер, қалалық жағажайлар, мәдениет және
 демалыс парктері, спорттық кешендер және басқа да жоғары табысты нысандар
 о р на л а с қ а н .

Бірінші аймақтың тұрғын үй қорын 4-5, 7-11 қабатты жай құрылышты тұрғын үйлер,
 сондай-ақ, аса жайлы үйлер мен тұрғын кешендер алып тұр және оқшауланған жер
 массивтерін алып тұрған коттедждік құрылыштар.

A Ы м а қ II

Екінші аймақ NN 2, 3, 3a, 3б, 6, 8, 10, 11, 12, 13, 16, 17, 18, 18a, 18б, 19, 20, 20a, 21,
 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 28a, 29, 29a, 30, 31, 31a, 31б, 32, 32a, 32б, 33, 33a, 34, 35, 36, «
 Шығыс-1», «Шығыс-2», «Шығыс-3» шағынаудандарын және «Ақтау» халықаралық
 әуежай жолының оң жағында орналасқан жер участеклерін біріктіреді.

Екінші аймақта халықта әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсететін
 негізгі нысандар, мешіт, шіркеу, мейрамханалар, кафелер, барлар, супермаркеттер,
 дүкендер, банкілер және басқа да нысандар орналасқан.

Екінші аймақтың тұрғын үй қорын 4-5, 7-11 қабатты жай тұрғын үйлер, сондай-ақ, аса жайлыштың мен тұрғын кешендер және оқшауланған жер массивтерін алып тұрған коттедждік құрылыштар алып тұр.

А й м а қ I I I

Үшінші аймақта тұрғын шағынаудандар, әкімшілік мекемелер, халыққа әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсететін нысандар, кафелер, барлар, дүкендер және басқа да нысандар жоспарланған «Ақтау-Ситиді» салуға бөлінген жер участекелері (теңіз жағалауына жақын орналасқан участеке) кіреді.

А й м а қ I V

Төртінші аймақта тұрғын шағынаудандар, әкімшілік мекемелер, халыққа әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсететін нысандар, кафелер, барлар, дүкендер және басқа да нысандар жоспарланған «Ақтау-Ситиді» салуға бөлінген жер участекелері («Ақтау» халықаралық әуежай жолының сол жағында орналасқан участеке) кіреді.

А й м а қ V

Бесінші аймақта селитебтік аймақта орналасқан барлық өнеркәсіп кәсіпорындары біріктірілген.

А й м а қ V I

Алтыншы аймақта Ақтау қаласы жерінің оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан барлық өнеркәсіп кәсіпорындары біріктірілген.